

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ұжымының жалпы жиналышының III-тоқсан
ХАТТАМАСЫ № 3

Шәуілдір ауылы

15.08.2024 жыл

Төрағалық етуші Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Отырар аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның (*Бұдан әрі-Кәсіпорын*) басшысы Б.Әbdімәлік,

Баяндамашы: Б.Дүйсебай,

Қатысқандар: Кәспорынның бөлім менгерушілері, әкімшілік жұмыскерлері

Күн тәртібінде:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы КР Заңының 16-бабы), «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже», КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

Төрағалық етуші күн тәртібіндегі мәселелер бойынша баяндамашыға сөз берді.

Баяндамашы Б.Дүйсебай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы КР Заңының 16-бабы) тақырыбы бойынша баяндады:

Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

- 1) шешімдер қабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;
- 2) адаптациялардың қарастырылуын сақтау;
- 3) мұдделер қақтығыстарын болғызбау;
- 4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сақтау;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабылдау;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын күрылымдық бөлімше немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің

функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады. (ШЖҚ «Отырар аудандық ауруханасы» МҚК-да комплаенс қызметі басшының бүйрығы бойынша Б.Дүйсебайға жүктелген).

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезіндегі қағидаттар жарияланды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің күзыretі, қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережені әзірлейді және бекітеді.

КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агеттігі Тәрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бүйрығы негізінде ШЖҚ «Отырар аудандық орталық ауруханасы» МҚК-да басшының 2023 жылғы 1 маусымдағы № 96-н/к бүйрығының №2 Қосымшасымен Кәсіпорынның лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ережелері бекітліген. Ережелер 11 тармақтан тұрады:

Қолдану саласы;

Терминдер мен анықтаулар;

Жалпы ережелер;

Мүдделер қақтығысын басқару қағидаттары;

Мұдделер қақтығысын реттеу үдерісі шенберінде Кәсіпорының
лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің міндеттері;

Мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

Мұдделер қақтығысын реттеу;

Мұдделер қақтығысының жағдайы;

Бұзушылық туралы хабарлау;

Жауптылық;

Қорытынды ережелер;

Көзимемлекettік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сýбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.

Баяндамашы сýбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі жөнінде КР Сýбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы бойынша толық мәлімдеме жасады.

Жиналыс жабық деп жарияланды.

Төрағалық етуші:

Б.Әбдімәлік

Баяндамашы:

Б.Дүйсебай

